

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Астана қаласы

2022 жылғы «7» қазан

Бірлесе «Тараптар» деп аталатын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор), Жарғының негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Болат Бидахметович Жамишевтің атынан, бірінші тараптан және

«Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)» мемлекеттік мекемесі Ережесінің негізінде әрекет ететін Төрағаның бірінші орынбасары Дмитрий Михайлович Малаховтың атынан, екінші тараптан төмендегілер туралы осы Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумды (бұдан әрі - Меморандум) жасасты:

## 1. Мәні

1.1. Осы Меморандумның мәні Тараптардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы саласында өзара іс-қимыл және бірлескен іс-шараларды өткізуі болып табылады.

## 2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен нысандары

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасу, дөңгелек үстелдер, форумдар, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және азаматтық қоғам шеңберінде тұжырымдалған біліммен, құзыреттермен және табысты тәжірибемен алмасу.

2.3. Қолданылатын кәсіптік стандарттар мен саясаттарды сақтаған кезде, Тараптарды өңірлік және халықаралық деңгейде өзара ілгерілету.

## 3. Меморандумды өзгерту және бұзу шарттары

3.1. Осы Меморандум оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған мерзімге дейін қолданылады. Егер Тараптардың бір де бірі Меморандумның қолданысын тоқтатуға ниет білдірмесе, келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзартылады.

3.2. Тараптар сондай-ақ өзара келісімнің негізінде Меморандумның басқа тармақтарын өзгерту құқығы бар. Бұл ретте, енгізілетін өзгерістер жазбаша түрде жасалады.

3.3. Осы Меморандум кез-келген Тараптың бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл туралы екінші Тарап Меморандум бұзылатын күнге дейін кем дегенде 1 (бір) ай бұрын хабардар етілуге тиіс.

## 4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы Меморандум ниеттер туралы келісім болып табылады, оның ережелері Тараптар үшін ешқандай заңи, қаржылық немесе өзге де құқықтар

мен міндеттемелер тудырмайды, және Тараптар үшін қандай да бір санкциялар салмайды.

4.2. Осы Меморандум шеңберіндегі өзара іс-қимыл Тараптарға Қазақстанның заңнамасымен тыйым салынған немесе шектелген ақпаратпен алмасу бойынша міндеттеме жүктемейді.

Тараптар ұсынатын кез келген деректер және/немесе ақпарат табыстаушы Тараптың меншігі болып табылады, тек қана коммерциялық мақсаттар үшін пайдаланылуға және құпиялылық жағдайында сақталуға тиіс, егер Тараптар өзгеше келіспесе.

4.3. Тараптар Меморандумды орындау мәселелері бойынша бір-бірінен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен әрекеттерді атқару үшін, Тараптар өкілеттік берген уәкілетті өкілдері арқылы өзара іс-қимыл етеді.


4.4. Осы Меморандум Ережелерін түсіндірген және қолданған кезде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара консультациялар беру жолымен шешеді.

4.5. Осы Меморандум бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысына бір данадан берілетін екі дана қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

**«Қазақстан халқына»  
қоғамдық қоры**

  
М.О. **Б. Жәмішев**  


**«Қазақстан Республикасының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет)» ММ**

  
М.О. **Д. Малахов**  
